

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY

Ақпараттық технологиялар және экономика факультеті

«Бизнес және басқару» кафедрасы

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

6B04118 «Қаржы»

Түскен жылы – 2021

Оқу мерзімі – 4 жыл

Семей, 2021 жыл

Факультеттің оқу- әдістемелік отырысында қарастырылды, бекітілді
Хаттама № 5 20.05.2021 жыл

Университеттің оқу- әдістемелік кеңесінде қайта қарастырған
Хаттама № 1 17.09.2021 жыл

Құрметті "ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY" студенті, Сіздің назарыңызға элективті пәндерінің каталогы ұсынылып отыр. Бұл барлық элективті пәндерінің қысқаша сипаттамасы бар жүйеленген тізімі. Ол Сіз үшін, жеке дара оқыту траекториясын дербес, оперативті, икемді және жан-жақты қалыптастыруға мүмкіндік жасау мақсатымен құрастырылған. Бұл Сіздің жеке дара оқу жоспарыңызды құруға қажетті көмекшіңіз.

Оқытудың кредитті технологиясында барлық оқу пәндері үш циклге бөлінеді: жалпы білім беру пәндері (ЖБП), базалық пәндер (БП) және кәсіби пәндер (КП). Көрсетілген циклдардың әрқайсысындағы пәндер келесі түрлерге бөлінеді: міндетті компонент, ЖОО компоненті және таңдау компоненті (элективті пәндер).

Міндетті компонент пәндері білім беру бағдарламасы бойынша жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен айқындалады және студенттердің оқуы үшін міндетті.

Элективті компонент пәндері жұмыс берушілер мен білім алушылардың қатысуымен кафедра отырысында білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылады. Элективті курстардың барлық ұсынылған тізімінен сіз ең қызықтысын таңдай аласыз.

Жеке оқу жоспарыңызға енгізу үшін каталогты пайдаланып элективті курстарды таңдау әдістемесі келесідей:

1. Курсты және оқу семестрін тізімнен табыңыз.
2. Жоғары білімнің білім беру бағдарламасының құрылымынан берілген элективті пән бойынша кредиттер санын анықтаңыз.
3. Элективті оқу пәндерінің тізімімен мұқият танысып алыңыз. Оқу пәндері таңдалатын курстарға сәйкес нөмірмен біріктірілгеніне назар аударыңыз. Элективті пәндердің әр тобынан тек бір элективті оқу пәнін таңдауға болады.
4. Сізді қызықтырған элективті оқу пәндерінің түсініктемесін оқып алыңыз, таңдауыңызды жасаңыз.
5. Сіз таңдаған курстар бойынша кредиттің жалпы санының жоғары білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес талап етілетін кредит көлеміне сәйкестігін тексеріңіз..
6. Элективті пәндерді таңдау кезінде эдвайзердің көмегін пайдаланыңыз.

Таңдау бойынша компонент нөмірі	Пән немесе модуль атауы	Кредит-тер саны	Пререквизиттер	Постреквизиттер	Оқыту мақсатын, қысқаша мазмұнын және оқытудың күтілетін нәтижелерін (білім, іскерлік, дағдылар, хабардарлық) көрсетумен қысқаша сипаттамасы
БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР					
Таңдау бойынша компонент (ТК)					
Модуль 8 Есептік-талдамалық модулі					
1	Статистика	5	Экономикалық теория, Экономика қадағы математика	Қаржылық статистика/Банктік статистика, Экономикалық талдау негіздері/Функционалдық - құндық талдау	Мазмұны: пән көрсеткіштерді есептеу мен талдаудың статистикалық әдістерін, статистикалық байқылау әдістерін, статистикалық ақпарат көздерін; алғашқы статистикалық деректерді жинақтау және топтау әдістерін пайдалана отырып статистикалық ақпаратты жинақтауды жүзеге асыру, көрсеткіштерді есептеу, кестелер мен графиктер құру, көрсеткіштерді талдау және қорытынды жасау біліктерін; статистикалық ақпаратты жинау және өңдеу, статистикалық көрсеткіштерді есептеу әдістерінің дағдыларын қалыптастырады. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: іріктемелі бақылаулар, қоғамдық құбылыстардың динамикасын зерттеудің статистикалық әдістері, статистиканың пәні мен әдісі, статистикалық байқау, статистикалық жиынтық және топтастыру, абсолютті және салыстырмалы шамалар, вариацияның орташа шамалары мен көрсеткіштері, іріктемелі байқау, динамика қатарлары, индекстер, қоғамдық құбылыстардың өзара байланысын статистикалық зерттеу, халық және еңбек ресурстары статистикасы, Ұлттық шоттар жүйесі, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер, халықтың өмір сүру деңгейінің статистикасы. Меңгеру керек: экономикалық ақпаратты жүйелеу және қорытындылау, қазақстандық және әлемдік экономиканың құрылымы мен даму үрдістерін талдау, экономикалық процестерді болжау; ақпаратты жинау және тіркеу, бақылау материалдарын бастапқы өңдеу мен бақылауды жүргізу, статистикалық көрсеткіштерді есептеуді орындау және негізгі қорытындыларды тұжырымдау, зерделенетін әлеуметтік-экономикалық құбылыстарға кешенді талдауды жүзеге асыру. алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде қолдану; Дағдылар: жалпы және арнайы экономикалық пәндерді одан әрі игеру кезінде статистикалық ақпаратты пайдалану; әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстардың дамуы туралы сандық және сапалық ақпаратты өңдеу және талдау үшін статистикалық әдістерді қолдану. Құзыреттілік: экономикалық және ұйымдастырушылық -басқарушылық құзыреттер
1	Әлеуметтік - экономикалық статистика	5	Экономикалық теория, Экономика қадағы	Қаржылық статистика/Банктік статистика,	Мазмұны: пән әлеуметтік-экономикалық статистиканың негіздері мен көрсеткіштер жүйесін, халық пен еңбек ресурстарының статистикасын, ұлттық байлықтардың, шығындар мен аралық тұтынуудың, тауар және ақша айналысының статистикасын, баға статистикасын, өндіріс тиімділігінің статистикасын, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді, әлеуметтік-экономикалық

			математика	Экономикалық талдау негіздері/Функционалдық - құндық талдау	құбылыстардың серпінін статистикалық зерделеуді оқытады. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: экономикалық, әлеуметтік, саяси ортаның жай-күйін бағалау тұжырымдамаларының әдіснамалық негіздері; әлеуметтік-экономикалық статисти-каның әртүрлі салаларының көрсеткіштер жүйесін статистикалық нақтылау қағидаттары, оларды өлшеу немесе есептеу әдістері; жалпылама статистикалық көрсеткіштер жүйесін құру әдістемесі және ақпараттық мүмкіндіктері Меңгеру керек: сандық және сапалық статистикалық ақпаратты жүйелеу және жинақтау; нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайды статистикалық зерттеу жоспарын құру, оны сипаттайтын бастапқы көрсеткіштер шеңберін қалыптастыру, тиісті әдістерді қолдана отырып, деректерді мақсатты түрде жинау және статистикалық талдау жүргізу; зерттеу нәтижелері бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу, басқарушылық шешімдердің анықтамалық-талдамалық материалдарын дайындау Дағдылар: нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайға статистикалық зерттеу жүргізу, басқарушылық шешімдердің ұсынылған нұсқаларын бағалау және әлеуметтік-экономикалық тиімділік критерийлерін ескере отырып, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу Құзыреттілік: экономикалық және ұйымдастырушылық -басқарушылық құзыреттер
Модуль 6 Экономикалық-құқықтық білім модулі					
2	Менеджмент және маркетинг негіздері	6	Нарықтық экономика және кәсіпкерлік негіздері	Қаржы-лық менеджмент, Банкроттық және кәсіпорынды қайта ұйымдастыру/Кәсіпорындағы қаржылық сауық-тыру	Мазмұны: пән өндірістік жүйеде басқару жүйесінің негіздерін, менеджмент және маркетинг элементтерін, менеджмент және маркетинг тиімділігінің экономикалық және әлеуметтік аспектілерін; ұйымда-стырушылық мақсаттарды қалыптастыра білуді; оқу процесінде алынған білімді экономикалық, әлеуметтік, техникалық және басқа факторларды ескере отырып, басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қолдана білуді; жеке адамды және ұжымды басқару дағдыларын қалыптастырады. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: басқару жүйесінің теориялық негіздері, менеджмент пен маркетинг элементтерінің өндірістік жүйедегі рөлі мен орны; менеджмент теориясы мен практикасын дамытудың тарихи кезеңдері, менеджмент пен маркетингтің ұлттық мектептерінің ерекшеліктері; басқарудың классикалық функциялары және оларды практикада іске асыру құралдары; менеджмент пен маркетинг тиімділігінің экономикалық және әлеуметтік аспектілері. Меңгеру керек: ұйымдастырушылық мақсаттарды әзірлеу; экономикалық, әлеуметтік, техникалық және басқа факторларды ескере отырып, басқару шешімдерін қабылдау үшін оқу процесінде алған білімдерін қолдану; басқару жүйесіндегі ұйымдастырушылық қатынас-тарды талдау; басқару жағдайларын модельдеу; менеджмент пен маркетингтің тиімділік факторларын анықтау. Дағдылар: жеке тұлғаны және ұжымды басқару дағдылары; мақсаттарды құрылымдау және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу стратегиясы мен тактикасын айқындау; ұйым қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу

					Құзыреттілік: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық. Мазмұны: пән нарықтың құрылы-мын, яғни экономиканың барлық субъекті-лері мен олардың арасындағы қатынастарды, арнайы нарықтарда жұмыс істейтін және олардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзара байланысты институттар, қызметтер, кәсіпорындар арасындағы қатынастар жүйесін зерттейді. Пән нарықтың барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерін, олардың арасындағы қатынастарды, нарықтардың қажеттіліктерін, нарықтардың жұмыс істеу ортасын зерттейді. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: нарық пен нарықтық инфрақұрылымның жұмыс істеу заңды-лықтары; қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда тауар нарығы инфрақұрылы-мының мәні мен рөлі; нарық инфрақұры-лымының элементтері, олардың міндеттері мен функциялары; нарық инфрақұрылымы субъектілерінің іскерлік өзара іс-қимылының ерекшеліктері Меңгеру керек: нарықтағы жағдайдың даму болжамдарын қалыптастыру; нарықты маркетингтік зерттеу нәтижесінде алынған ақпаратты пайдалану; қалыптасқан нарық-тық жағдайларда тауар нарығы инфрақұрылымының қай субъектілерінің қызметтеріне жүгіну керектігін анықтау; нақты жағдайларда нарық инфрақұрылымы субъектілерінің ерекшеліктері мен артықшылықтарын дұрыс пайдалану; тауарларды бөлудің ұтымды нұсқаларын табу Дағдылар: микро-, мезо-, макро-, мега-экономикалық жағдайға талдау жүргізу әдістерін; мемлекеттегі нарық инфрақұры-лымының қазіргі жай-күйі туралы идеяны меңгеру Құзыреттілік: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық.
Модуль 8 Есептік-талдамалық модулі					
2	Нарықтық инфрақұрылым	6	Нарықтық экономика және кәсіпкерлік негіздері	Қаржы-лық менеджмент, Банкрот-тық және кәсіпорын-ды қайта ұйымдас-тыру/ Кәсіпорын-ды қаржылық сауық-тыру	
3	Экономикалық талдау негіздері	4	Экономикалық теория, статистика/ әлеуметтік экономикалық статистика	Коммерциялық банк қызметіндегі қаржылық талдау/ Салықтық менеджмент, Қаржы-лық шаруашылық қызметті талдау/ қаржылық талдау	Мазмұны: пән экономикалық талдау-дың базалық түсініктері; экономикалық талдаудың әдістемелік тәсілдері; экономикалық талдауды ақпараттық қамтамасыз ету көздері туралы білімді қалыптастырады; ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді жүйелендіре білу және оны стандартты талдамалық міндеттерді шешу үшін тиімді қолдана білуді; талдамалық есептеулердің нәтижелерін түсіндіру және экономикалық ақпаратты талдамалық өңдеу нәтижесінде алынған қорытындыларды тұжырымдауды оқытады. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: экономикалық талдаудың әдіснамалық қағидаттары; экономикалық талдау әдісінің ерекшеліктері; талдау жүргізу әдістемесінің мазмұны (негізгі бөлімдері); талдау үшін бастапқы ақпаратқа қойылатын талаптар; талдамалық ақпаратты дайындау тәртібі, талдамалық есептеулерді жүргізу әдістері мен тәсілдері; Меңгеру керек: аналитикалық есепті дұрыс тұжырымдау; көп факторлы жүйелерді құру; нәтижелі көрсеткіштің өзгеруіне факторлардың әсерін анықтау әдістерін қолдану; нақты жағдайларды талдау кезінде экономикалық сипаттағы проблемаларды анықтау, әлеуметтік-экономикалық тиімділік критерийлерін, тәуекелдерді және ықтимал әлеуметтік-экономикалық салдарларды бағалауды ескере отырып, оларды шешу жолдарын ұсыну. Дағдылар: шаруашылық жүргізуші

					субъектілер мен олардың бөлімшелерінің қызметін кешенді бағалау әдістерін қолдану; есептеу нәтижелерін түсіндіру. жоспарларды әзірлеу және басқару шешімдерін негіздеу үшін қажетті экономикалық және әлеуметтік деректерді жинаудың, өңдеудің және талдаудың заманауи әдістерінің дағдыларын меңгеру Құзыреттілік: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық.
3	Функционалдық-құндық талдау	4	Экономикалық теория, статистика/әлеуметтік экономикалық статистика	Коммерциялық банк қызметіндегі қаржылық талдау/ Салықтық менеджмент, Қаржылық-шаруашылық қызметті талдау/ қаржылық талдау	Мазмұны: бұл пән ұйымның функциялары, оның ресурстары мен шығындарын есепке алудың объектілерінің тиімділігін кешенді жүйелік зерттеу әдісін, сондай-ақ оны құру және пайдалану шығындарын барынша азайта отырып, объектінің функционалды пайдалылығын жақсарту (сақтау) мақсатын көздейді. Негізгі критерий анықтауда тұтыну қасиеттерінің ара қатынасы ерекшелігін бірлігін анықтау әдістерін қарастырады. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: аналитикалық есептеулерді жүргізу әдістері мен тәсілдері; біздің елде және шетелде ФҚТ даму тарихы, ФҚТ бойынша жұмыстарды жүргізу кезіндегі іс-қимылдар реттілігі. жұмыс жүргізу технологиясы, негізгі әдістері, талдау жүргізудің жаңа нысандары, оны қолдану салалары. Меңгеру керек: объектіні құру немесе жетілдіру, функцияларды орындау тәсілдерін іздеу, ФҚТ-дың әр сатысында тұжырымдалған міндеттерді шешу бойынша міндеттер қоюға бағытталған зерттеулер жүргізу; алынған шешімдерді іске асыру, объектілердің функцияларын жүйелеу және бағалау шығындарды азайту резервтерін анықтау. Дағдылар: экономикалық талдаудың негізгі әдістері мен функционалдық-құндық талдаудың негізгі құралдарын жүйелеу, функционалдық тәсілді қолдану есебінен мүлдем жаңа техникалық шешімдерді табу; объектінің қосалқы және зиянды (қажетсіз) функцияларын жою немесе қысқарту есебінен объектінің өмірлік циклі кезеңдері бойынша ресурстардың әртүрлі түрлерінің шығынын азайту. Құзыреттілік: экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық.
Модуль 11 Қаржылық-қолданбалы модулі					
4	Қаржы	5	Экономикалық теория, Ақша, несие, банктер	Салық және салық салу/ Қазақстан Республикасының салық құқығы Сактандыр у/ Тәуекел-менеджмент, Корпоративтік қаржы, өндірістік тәжірибе I	Мазмұны: студенттерде қаржы теориясы саласында қазіргі заманғы іргелі білімді қалыптастыру, қаржы мәнінің теориялық аспектілерін, олардың функци-яларын, қазіргі нарықтық экономикадағы рөлін, мемлекеттік қаржының қазіргі теориялық тұжырымдамаларын ашу болып табылады. Пәнді оқу барысында студенттер қаржыны ұйымдастырудың түсініктері мен принциптерін білуі керек, қаржылық жағдайды талдау әдістемесін игеруі керек. Дамыған нарықтық қатынастар жағдайында қаржының рөлі артады, өйткені қаржы макро - және микро деңгейлерде қаражат қорларын қалыптастыру және пайдалану процесін тікелей анықтайды, бұл өз кезегінде мемлекет, ұйымдар, кәсіпкерлердің экономикалық және басқарушылық функцияларын сапалы орындау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: қаржы және қаржы құралдары туралы түсінік, мемлекеттік қаржыны, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен қаржы институттарының қаржысын ұйымдастыру және басқару негіздері; қаржы қатынастары

					субъектілері қызметінің терминологиясы мен түсініктері. Меңгеру керек: мемлекеттің, шаруашылық жүргізуші субъектілердің және қаржы институттарының ақша ағындарын талдай білу. Кәсіби қызметте ұғымдық-категориялық аппаратты қолдану; алынған тапсырма бойынша ақпаратты іздеуді жүзеге асыру, деректерді жинау, талдау; Дағдылар: қаржы ресурстарын қалыптастыру және пайдалану бойынша шешім қабылдау үшін қаржыны басқару дағдыларын меңгеру. Валюталық зерттеу әдіснамасын; валюталық және қаржылық-экономикалық деректерді жинаудың, өңдеудің және талдаудың заманауи әдістерін меңгеру; Құзыреттілік: кәсіби.
4	Әлемдік қаржы нарығы	5	Экономикалық теория, Ақша, несие, банктер	Салық және салық салу/ Қазақстан Республикасының салық құқығы Сақтандыру/ Тәуекел-менеджмент, Корпоративтік қаржы, өндірістік тәжірибе I	Мазмұны: пән бағалы қағаздарды талдау (қаржылық аналитика) саласындағы қаржы нарығының мамандарын даярлауға арналған. Курстың мақсаты студенттерге әлемдік қаржы нарықтары бойынша ақпаратты бағдарлауға, әлемдік қаржы нарығының архитектурасын түсінуге, қаржы нарығының әртүрлі сегменттері арасындағы өзара тәуелділікті түсінуге, оқиғалардың әлемдік қаржы нарығындағы әсерін бағалауға дағдыландыру болып табылады; Күтілетін нәтижелер: Білу керек: әлемдік валюта жүйесінің құрылымы және оның даму заңдылықтары; валюта көрсеткіштері жүйесін құру, есептеу және талдау негіздері; валюта саясатын іске асырудағы және ұлттық экономиканы дамытудағы валюта бағамының рөлі. Меңгеру керек: экономикалық, валюталық, қаржылық ақпарат көздерін пайдалану; валюталық процестер мен құбылыстар туралы отандық және шетелдік статистиканың деректерін талдау және түсіндіру, валюталық және қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің өзгеру үрдістерін анықтау. Дағдылар: экономика және бизнес мәселелері бойынша қажетті ақпарат алу дағдылары; әлемдік валюта нарығының және несие капиталы нарығының негізгі құралдары туралы білім. Құзыреттілік: кәсіби
Модуль 11 Қаржылық-қолданбалы модулі					
5	Сақтандыру	4	Қаржы/ Әлемдік қаржы нарығы	Қаржы-лық менеджмент	Мазмұны: пән сақтандыру, қайта сақтандыру, ортақ сақтандыру негіздерін, сақтандыру түрлерін, нысандарын, сақтан-дыру нарығындағы сақтандыру өнімдерін; сақтандыру нарығы, сақтандыру компа-ниялары бойынша сақтандыру статисти-касын талдай білу, сақтандыру бойынша нормативтік және заңнамалық құжаттарды пайдалана білу, сақтандыру операцияларына экономикалық талдау жүргізу, сақтандыру-шының негізгі қаржылық көрсеткіштерін талдау және есептеу, оның қаржылық тұрақтылығын бағалау дағдыларын қалыптастырады. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: сақтандырудың мәні мен қызмет ету механизмдері, қазіргі заманғы сақтандыру нарығының құрылымы; сақтан-дырудың классикалық принциптері; тәуекелдердің түрлері және оларды жіктеу; сақтандырудың экономикалық мәні; сақтандырудың салалары мен түрлерін жіктеу; сақтандырудың құқықтық негіздері Меңгеру керек: елде болып жатқан

					сақтандыру процестерін талдау, сақтандыру түрлері бойынша тарифтік ставкаларды калькуляциялауда актуарлық есептерді пайдалану; сақтандыру ұйымының қаржы-лық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігінің көрсеткіштерін есептеу. Дағдылар: сақтандыру саласында дұрыс практикалық шешімдер қабылдау үшін теориялық білімді пайдалану, сақтан-дыру компанияларының қаржылық қызме-тіне талдау жүргізу; сақтандыру статистикасының негізгі көрсеткіштерін есептеуде; сақтандырудың әртүрлі түрлері бойынша сақтандыру тарифтерін анықтауда; сақтандыру құжаттарын дайындау мен жасауда. Құзыреттілік: арнайы.
5	Тәуекел-менеджмент	4	Қаржы/Әлемдік қаржы нарығы	Қаржы-лық менеджмент	Мазмұны: пән экономикалық қызметтегі тәуекелдер ұғымы, тәуекел құраушы факторлар, тәуекелдерді талдаудың жалпы принциптері, тәуекелдерді басқару, тәуекелдерді азайту тәсілдері, жобаны қаржыландыру кезінде тәуекелдерді есепке алу, тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру сияқты мәселелерді зерттейді. Зерделеу нәтижесінде студент қаржылық тәуекелдерді және тәуекелдік оқиғалар басталған кезде ықтимал қаржылық шығындар деңгейін талдау және бағалау;- қаржылық тәуекел-дерді басқару саласында тиімді шешімдер қабылдау дағдыларын меңгеруі тиіс. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: кәсіпорында тәуекел-менеджмент жүйесін құрудың теориялық және практикалық негіздері; қаржылық емес тәуекелдерді талдау және бағалаудың әдістемелік тәсілдері; кәсіпкерлік қызмет тәуекелдерін төмендету жолдары; кәсіпкер-лік ортадағы тәуекел-менеджменттің заманауи аспектілері. Меңгеру керек: басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде талдаудың сандық және сапалық әдістерін қолдану және экономикалық, қаржылық және ұйымдастырушылық-басқарушылық модельдерді құру. Дағдылар: нарықтық және ерекше тәуекелдерге талдау жүргізу, оның нәтиже-лерін басқарушылық шешімдер қабылдау үшін пайдалану, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайларын бағалау, қабылданатын ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдердің шарттары мен салдарларын бағалау. Құзыреттілік: арнайы..
Модуль 13 Қаржыландыру модулі					
6	Инвестицияларды қаржыландыру және несиелендіру	5	Қаржы нарығы және делдалдары/Консалтинг	Инвестициялық жобалар мен шешімдерді басқару/Инвестициялық шешімдер тиімділігін бағалау	Мазмұны: пән инвестициялардың экономикалық мәнін және олардың құрылымын, инвестициялық жобаларды қаржыландырудың нысандары мен әдістерін, жобаны жасау, инвестициялық мүмкіндіктер бойынша қаржыландырылатын жобаларды іріктеу, инвестициялық жоба бойынша кредиттік тәуекелді бағалау біліктерін; жобалық қаржыландыру және инвести-циялық кредиттеу кезінде жобалардың тиімділік көрсеткіштерін, кредиттік тәуекел-ді бағалау әдістерін есептеу, инвестициялық шешімдерді қабылдау процесін ұйым-дастыру дағдыларын қалыптастырады. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: инвестициялаудың мәні мен пәні; инвестициялық нарықтың инфрақұрылымы және оның жұмыс істеу тетігі; инвестициялаудың теориялық-әдіснамалық негіздері; инвестициялық

					нарықтағы инвестор мен қатысушының функциялары, инвестициялаудағы қаржылық делдалдардың рөлі; шетелдік инвестици-ялардың мәні және олардың капиталды алушы ел үшін қажеттілігі; инвестициялық нарықтың жұмыс істеу тетігі және инвестициялауға байланысты тәуекелдер; компанияның инвестициялық стратегиясын қалыптастыру кезеңдері; инвестициялық жоба ұғымы және оның өмірлік циклі; инвестициялық процесс мониторингінің мәні Меңгеру керек: мемлекеттің және өңірдің инвестициялық ахуалының тартым-дылығын бағалау; инвестор үшін капиталды қаржылық және нақты активтерге салудың орындылығын айқындау; инвестицияларды әртүрлі бағыттарда пайдалану мүмкін-діктерін бағалау. Дағдылар: инвестициялық жобаны іске асырудан экономикалық тиімділікті бағалау құралдары; түрлі жобалардың инвестицияларын әзірлеу және негіздеу әдістері мен құралдары арқылы құру. Құзыреттілік: арнайы.
6	Исламдық қаржыландыру	5	Қаржы нарығы және делдалдары/Консалтинг	Инвестициялық жобалар мен шешімдерді басқару/Инвестициялық шешімдер тиімділігін бағалау	Мазмұны: пән исламдық қаржыландырудың негізгі нысандары мен әдістері, исламдық қаржыландыру құралдары, исламдық қаржыландыруды енгізу бойынша дамыған елдердің тәжірибесі туралы білімді қалыптастырады. Исламдық қаржы индустриясының жұмыс істеуін теориялық және практикалық талдау, шетелдік тәжірибені жинақтау, сондай-ақ заңнамалық және нормативтік құжаттарды зерделеу негізінде Қазақстан Республикасында осы саланы этикалық қаржыландырудың негізгі тетіктері және оның даму перспективалары бойынша білім алуға мүмкіндік береді. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: исламдық қаржы жүйесінің әлемдік экономикалық жүйедегі рөлі мен орны; исламдық қаржы жүйесінің институционалдық құрылымы; әлемдік қаржы жүйесіндегі ислам қаржы институттарының рөлі мен орны; әртүрлі елдердегі ислам қаржы жүйелерінің жұмыс істеу модельдері; банктік және парабанк жүйесінің жұмыс істеу моделін қалыптастырудағы ислам құқықтық жүйесінің рөлі мен орны; әртүрлі елдердегі ислам коммерциялық институттарының қатысу нысандары; ислам коммерциялық және инвестициялық банктерінің халықа-ралық операцияларының құрылымы; бұл операциялардың ұлттық деңгеймен салыстырғанда жаһандық нарықтағы ерекшеліктері. Меңгеру керек: исламдық банк жүйесінің және жекелеген елдердің банк жүйелерінің дамуын талдау үшін пән шеңберінде білімді пайдалану; исламдық банк жүйесінің даму бағыттарын айқындау; жаһандық контексте исламдық банктік қадағалау қағидаттарын және реттеуді реформалау бағыттарын айқындау; қаржы ағындарын түрлер бойынша және әртүрлі елдер, оның ішінде исламдық банк жүйелері арасында бөлу бағыттылығы мен логикасын талдау; Дағдылар: ұйымдардың қызметін инвестициялаудың исламдық қаржы құрал-дарын қолдану, ислам банктерінің қаржы нарықтарындағы халықаралық операцияла-рының тиімділігін анықтау және бағалау; ислам банктері мен ислам қаржы институттарының халықаралық қызметіндегі қызметтің тиімділігін, сондай-ақ

					тәуекелдерді бағалау. Құзыреттілік: арнайы.
Модуль 15 Салықтық-бюджеттік саясат модулі					
7	Салық және салық салу	5	Қаржы/ Әлемдік қаржы нарығы, Нарықтық экономика және кәсіпкерлік негіздері	Кеден ісі/ Бюджеттік бақылау, Мемлекеттік бюджет/ Салықтық-бюджеттік саясат, өндірістік тәжірибе II	Мазмұны: пән салық және салық салу саласындағы білімді қалыптастырады, жеке тұлғалар мен ұйымдар төлейтін салықтар мен алымдарды есептеу, бюджетке салықтар мен алымдарды аудару үшін төлем құжаттарын ресімдеу; мемлекет бюджетіне алынатын салықтар мен алымдарды есептеу бойынша дағдыларды оқытады. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: салықтардың қаржылық-экономикалық категория ретіндегі экономикалық сипаты мен мәні; ҚР салық жүйесін ұйымдастырудың заңнамалық негіздері, салық режимдерінің түрлері; салықтардың элементтері, салық міндет-темелерін қалыптастыру және есептеу қағидалары; салық салу және салықтық жоспарлауды ұйымдастыру мақсатында ұйымның есеп саясатын әзірлеу қағидалары. Меңгеру керек: салық элементтерін сәйкестендіру, олардың салық механизміндегі орны мен рөлін анықтау; салық міндеттемелерін есептеу және кірістер мен шығыстар мен қызмет нәтижелерінің есебін жүргізу; басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ұйымның салық көрсеткіштерін талдау; салықтық құқықтық қатынастар саласындағы ситуациялық проблемаларды талдау және оларды шешу жолдарын табу. Дағдылар: қолданыстағы салық-бюджет саясатына сәйкес мемлекеттік бюджетке салық есептілігін және салық міндеттемелерін орындауды жасау, салық көрсеткіштерін есептеу және салықтарды төлеу әдістерін; түрлі салықтар бойынша салық базасын қалыптастыру, кірістер мен шығыстарды есепке алу тәсілдерін; салық жүктемесі саласындағы басқару шешімдері үшін қажетті экономикалық ақпаратты түсіндіру дағдыларын меңгеру.. Құзыреттілік: арнайы.
7	Қазақстан Республикасының салық құқығы	5	Қаржы/ Әлемдік қаржы нарығы, Нарықтық экономика және кәсіпкерлік негіздері	Кеден ісі/ Бюджеттік бақылау, Мемлекеттік бюджет/ Салықтық-бюджеттік саясат, өндірістік тәжірибе II	Мазмұны: оқу нәтижесінде студенттер: салық құқығы, салық-құқықтық нормалар және салықтық құқықтық қатынастардың негізгі ұғымдары туралы нақты түсінікке ие болуы; қолданыстағы салық жүйесінің сипаттамасын, салықтар мен мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер арасындағы айырмашылық пен қатынасты және олардың сипаттамалық белгілерін білуі керек; салық салу және салық қызметіне, сондай-ақ мемлекеттің салық жүйесін құру проблемаларына қатысты нормативтік материалдарды меңгеру; салықтық құқықтық қатынастар субъектілерінің заң құқықтары мен міндеттерінің мазмұнын, олардың өзара іс-қимыл тетігін түсіну; заң құжаттарын жасау және ресімдеу, білікті заң консультацияларын беру. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: салық, алым, өзге де міндетті төлемдер ұғымы, салық салу қағидалары; ҚР салық жүйесінің жұмыс істеуінің құқықтық негіздері; салық құқығының нормалары және салықтарды белгілеу мен енгізу, оларды есептеу мен төлеу, салықтық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қызмет процесіндегі олардың қолданылу тетіктері; Қазақстан салық жүйесінің жұмыс істеуінің ұйымдық-құқықтық негіздері; салық міндеттемелері жүйесінің құрамы; салықтық бақылауды жүзеге асыратын

					органдардың қызметін құқықтық реттеу мәселелері; көшпелі және камералдық салықтық тексерулер; салық заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікке тартудың түрлері мен негіздері; салықтық құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық негіздері; салықтық міндеттерді орындау процесінде нормативтік құқықтық актілерді қолдану практикасы. Меңгеру керек: салық құқығы институттарының құқықтық мазмұнын талдау; салық құқығы актілерінің мазмұнын анықтау және олардың ережелерін алдағы лауазымдық мақсаттар үшін практикалық қызметте дұрыс қолдану; салық міндеттерін орындау барысында жасалған типтік бұзушылықтарды талдау және құқықтық саралау. Дағдылар: қолданыстағы салық-бюджет саясатына сәйкес мемлекеттік бюджетке салық есептілігі мен салық міндеттемелерінің орындалуын, қаржы-шаруашылық операцияларын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын төлем және есеп айырысу құжаттарының сараптамасын жасау; шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметі процесінде салық заңнамасының сақталуын тексеру. Құзыреттілік: арнайы..
Модуль 16 Бухгалтерия бөлімі					
8	1 С бухгалтерия	5	Бухгалтерлік есеп және аудит	Қаржылық мониторинг / қаржылық жоспарлау	Мазмұны: пән кәсіпорын қызметін автоматтандырудың әмбебап жүйесін зерттейді, тауарлық және материалдық құралдарды есепке алу, жалақы есебінің контрагенттерімен өзара есеп айырысу, негізгі құралдардың амортизациясын есептеу, субъектінің қаржылық және шаруашылық қызметі туралы сапалы және уақтылы ақпаратты қалыптастыру үшін кез-келген бөлімдер бойынша бухгалтерлік есепті жүргізуге бағытталған. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: кәсіпорындарда есепке алуды автоматтандырудың негізгі түрлері. бағдарламалық ортада бухгалтерлік есеп жүргізу технологиясы 1 С Бухгалтерия. Меңгеру керек: ақшалай қаражатпен операцияларды есепке алуды жүргізу, бухгалтерлік және салықтық есепке алуды жүргізу, қаржылық және регламенттелген есептілікті қалыптастыру үшін автоматтандырылған есепке алу және есептілік (1С-Бухгалтерия) бағдарламаларын пайдалану Дағдылар: "1С:Кәсіпорын" жүйесінің "кәсіпорын бухгалтериясы" типтік конфигурациясындағы жұмыстар. Құзыреттілік: кәсіби.
8	Парус 8 бухгалтерия	5	Бухгалтерлік есеп және аудит	Қаржылық мониторинг / қаржылық жоспарлау	Мазмұны: пән мемлекеттік және бюджеттік сектор ұйымдарының қызметін автоматтандыру, жалақыны және есептеудің бизнес-процесін жасау, персоналды және іскерлік процестерді басқарудың қажетті нормативтік-анықтамалық ақпаратын (бюджеттік сыныптама кодтарын) жүргізу, бюджеттік және мемлекеттік мекемелердің регламенттелген есептілігін қалыптастыру үшін бағдарламалық өнімді зерделейді. Күтілетін нәтижелер:

			аудит		Білу керек: негізгі терминология-жүйенің басталуы мен аяқталуы, параметрлерді орнату, бюджеттік есеп шоттарында, банктік құжаттарда қалыптастыру, есепке алу және көрсету. Меңгеру керек: қолма-қол ақшамен операцияларды есепке алу үшін автоматтандырылған есеп және есеп беру бағдарламаларын қолдана білу. "әкімші" қосымшасын іске қоса білу ағымдағы күнді орнату, жүйенің жалпы параметрлері, шаруашылық операцияларды тіркеу, есептік кезеңді жабу. Дағдылар: контрагенттермен, банктік және кассалық құжаттармен жұмыс істеу, қазынашылықтағы жеке шоттан үзінді көшірме бойынша шаруашылық операция-яларды тіркеу. Құзыреттілік: кәсіби
Модуль 15 Салықтық-бюджеттік саясат модулі					
9	Бағалы қағаздар нарығы	5	Ақша, несие, банктер, Қаржы нарығы және делдалдары / Консалтинг	Халықаралық валюта-қаржы қатынастары/ қаржылық бақылау және аудит	Мазмұны: пән мемлекеттік және бюджеттік сектор ұйымдарының қызметін автоматтандыру, жалақыны есептеудің және есептеудің бизнес-процесін жасау, персонал-ды және іскерлік процестерді басқарудың қажетті нормативтік-анықтамалық акпа-ратын (бюджеттік сыныптама кодтарын) жүргізу, бюджеттік және мемлекеттік мекемелердің регламенттелген есептілігін қалыптастыру үшін бағдарламалық өнімді зерделейді. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: бағалы қағаздардың шығарылуын және айналысын, бағалы қағаздар рыногындағы кредиттік ұйымдар-дың эмитенттер, инвесторлар және кәсіби қатысушылар ретіндегі қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар; үлестік және борыштық эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеу тәртібі; банктің меншікті бағалы қағаздары бойынша кірістерді (дивидендтерді, пайыздарды, дисконтты) есептеу және төлеу тәртібі; Меңгеру керек: қаржылық, инвестициялық нарықтар мен бағалы қағаздар нарығының қызметін талдау және басқару, клиенттерге өз бағалы қағаздарының айналысы мен өтелу шарттары, бағалы қағаздар нарығында делдалдық қызмет көрсетудің түрлері мен шарттары, бағалы қағаздарға ақша қаражатын салу тәуекелдері туралы кеңес беру; Дағдылар: банктің бағалы қағаздарын шығару және сату жөніндегі құжаттарды ресімдеу; басқарушылық шешімдер қабылдау мақсатында банктің бағалы қағаздары бойынша кірістерді (дивидендтерді, пайыздарды, дисконтты) есептеуді және төлеуді есептеу, ресімдеу Құзыреттілік: арнайы.
9	Биржалық іс	5	Ақша, несие, банктер, Қаржы нарығы және делдалдары	Халықаралық валюта-қаржы қатынастары/ қаржылық бақылау және аудит	Мазмұны: пән Қазақстандағы биржалық істің мәні, функциялары, даму тарихы туралы білімді қалыптастырады. Осы курсты оқу кезінде студенттер қаржы құралдарының құны мен табыстылығын бағалау үшін қажетті білім мен дағдыға ие болады және бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарын талдауды үйренеді. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: бағалы қағаздардың әртүрлі түрлерінің кірістілігі мен өтімділігін бағалау тәртібі; инвестициялық тәуекел дәрежесін және бағалы қағаздарға салына-тын салымдардың тиімділігін айқындау тәртібі; сенімгерлік басқару операцияларын ресімдеу тәртібі; банктік басқарудың жалпы қорларын құру шарттары және

			/ Консал- тинг		олардың қызметін регламенттеу; Меңгеру керек: қаржы, инвестици-ялық нарықтар мен бағалы қағаздар нарығының қызметін талдау және басқару; Банктің бағалы қағаздарын шығару және сату жөніндегі құжаттарды ресімдеу; банктің бағалы қағаздары бойынша кірістерді (дивидендтерді, пайыздарды, дисконтты) есептеуді және төлеуді есептеу, ресімдеу; Дағдылар: биржалық операцияларды ұйымдастырудың әдістері мен құралдарын, қызметтің тиімділігін анықтау үшін аналитикалық әдістерді меңгеру Құзыреттілік: арнайы.
Модуль 14 Қаржылық-талдамалық модулі					
10	Қаржылық статистика	4	Статистика / Әлеуметтік - экономикалық статистика	Қаржылық-шаруашылық қызметті талдау/ Қаржылық талдау	Мазмұны: пән қаржы статистика-сының мәні мен әдістері, мемлекеттік бюджет статистикасының мазмұны, кәсіпорындар мен халық шаруашылығы салаларының қаржы резервтері статисти-касы, өнеркәсіптегі қаржы резервтерінің статистикалық көрсеткіштері, қоғамдық өнімнің тауар айналымы саласындағы қаржылық нәтижелер, ақша айналымы статистикасының мазмұны, банк статисти-касы, бағалы қағаздар статистикасы, сақтандыру статистикасы, валюта бағамдары статистикасы туралы білімді қалыпта-стырады. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: қаржылық статистиканың мәні мен әдістері, мемлекеттік бюджет статистикасының мазмұны, кәсіпорын-дардың және халық шаруашылығы салаларының қаржылық резервтерінің статистикасы, қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны ескере отырып, үлгілік әдістемелер негізінде экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеу әдістері. Меңгеру керек: қаржы және банк ұйымдарының қызметі туралы статис-тикалық есептілікті жасау, қойылған міндетке сәйкес экономикалық деректерді өңдеу үшін аспаптық құралдарды таңдау, есеп айырысу нәтижелерін талдау және алынған қорытындыларды негіздеу; әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстар туралы отандық және шетелдік статистиканың деректерін талдау және түсіндіру, әлеуметтік-экономикалық көрсет-кіштердің өзгеру үрдістерін анықтау Дағдылар: аналитикалық және зерттеу мәселелерін шешу үшін заманауи техни-калық құралдар мен ақпараттық техноло-гияларды қолдану. Құзыреттілік: арнайы.
10	Банктік статистика	4	Статистика / Әлеуметтік - экономикалық статистика	Қаржылық-шаруашылық қызметті талдау/ Қаржылық талдау	Мазмұны: пән теориялық тәсілдерді, статистикалық көрсеткіштерді қолдану және жинау механизмдері мен әдістерін, банк статистикасының пәні мен міндеттерін қалыптастырады. Ақша айналымы мен ақша массасын болжау мен талдаудың статистикалық әдістерін негізге ала отырып, ақша айналысының статистикалық көрсеткіштер жүйесін, макроэкономикалық көрсеткіштерді оқытады. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: банк статистикасы саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны ескере отырып, үлгілік әдістемелер негізінде экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеуді жүргізу әдістері. Меңгеру керек: қаржы және банк ұйымдарының қызметі туралы статисти-калық

					есептілік жасау; қажетті деректерді жинау, оларды талдау және ақпараттық шолу және/немесе талдамалық есеп дайындау. Дағдылар: талдау және зерттеу міндеттерін шешу үшін қазіргі заманғы техникалық құралдар мен ақпараттық технологияларды пайдалану Құзыреттілік: арнайы.
Модуль 14 Қаржылық-талдамалық бөлімі					
11	Big Date және бизнес талдама	4	Коммерциялық банк қызметіндегі қаржылық талдау/Салықтық менеджмент	Қаржы-лық менеджмент, Қаржы-лық-шаруашылық қызметті талдау/Қаржы-лық талдау	Мазмұны: тереңдетілген кәсіби білімді талап ететін өндірістік қызмет барысында туындайтын міндеттерді тұжырымдай және шеше білуі; пробле-маларды талдаудың қажетті тәсілдері мен әдістерін таңдауы, сондай-ақ нақты жағдайдың міндеттеріне байланысты барла-рын түрлендіруі және жаңаларын әзірлеуі тиіс; деректерді талдаудың бағдарламалық құралдарын, сондай-ақ бағдарламалық жүйелерді әзірлеу, деректерді тиімді талдау және деректерден білім алу үшін талап етілетін алгоритмдерді, модельдер мен әдістерді талдау және жобалау; зерттеу, сондай-ақ проблемалардың тиімді шешімдерін әзірлеу үшін бастапқы ақпаратты жинау үшін сандық және сапалық әдістер мен тәсілдерді қолдану. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: деректерді жинау, талдау және сақтауды білу әдістемесі; бизнес – аналитиканың әдіснамасы, теориясы мен практикасы, деректерді талдаудың, модельдердің және деректерді өңдеу және талдау құралдарымен жұмыс істеудің негізгі принциптері мен заманауи тәсілдерін меңгеру. Меңгеру керек: бизнесті талдаудың оңтайлы әдістерін анықтау, нақты жағдайға жаңаларын әзірлеу; бағдарламалық құралдарды, алгоритмдерді, бағдарламалық жүйелерді әзірлеу, деректерді тиімді талдау және деректерден білім алу үшін қажетті деректерді талдауды талдау Дағдылар: қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен бағдарламалар, ұйымның даму стратегиясын негіздеу процесінде есептілікті талдау нәтижелері. Құзыреттілік: кәсіби

11	Бұлтты есептеу қызметтері	4	Коммерциялық банк қызметіндегі қаржылық талдау/Салықтық менеджмент	Қаржы-лық менеджмент, Қаржы-лық-шаруашылық қызметті талдау/Қаржылық талдау	Мазмұны: оқу барысында студент бұлтты қызметтердің желілік модельдерін және бұлтты архитектураларды жобалау ерекшеліктерін білуі керек. Деректерді басқаруды және сақтауды жүзеге асыру. Бұлтты шешімдерді жобалау және олардың құнын есептеу. Мультитенантты, арнайы, теңшелетін, мультитенантты архитектураға көшу кезеңдерін анықтау. Мультитенантты деректер қоймасын ұйымдастырудың модельдерін жасау. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: деректерді жинау, талдау және сақтауды басқару аймағы; IBM бұлтты шешімі, IaaS, SaaS, paas моделін тек қоғамдық емес, жеке және гибриді бұлттардың бөлігі ретінде енгізу. Меңгеру керек: ақпараттық технологиялар инфрақұрылымына (қысқа және орта мерзімді жоспарларда) шығындарды едәуір азайта алатын және серпімді есептеу қасиеттерін қолдана отырып, есептеу қажеттіліктерінің өзгеруіне икемді жауап бере алатын бұлтты деректерді есептей білу (ағылш. elastic computing) Дағдылар: заманауи ақпараттық технологиялар мен бағдарламаларды, бұлтты есептеу түрлерін пайдалану дағдыларын, компанияларға цифрлық дәуірдегі күрделі мәселелерді шешуге көмектесетін бұлттық қызметтердің негізгі түрлерін меңгеру. Мультитенантты деректер қоймасын ұйымдастыру моделін құру. Құзыреттілік: кәсіби
Модуль 17 Кәсіпорындарды басқарудың негіздері модулі					
12	Қаржыгердің кәсіби құндылықтары мен этикасы	5	Ақша, несие, банктер, Корпоративтік қаржы	Қаржы-лық мониторинг/Қаржы-лық жоспарлау өндірістік тәжірибе III	Мазмұны: әр түрлі жағдайлар мен этикалық мінез-құлық нормалары туралы білімді, қаржыгерлердің моральдық мінез-құлық мен қарым-қатынасының негізгі заңдылықтарын және олардың кәсіби қызметтегі көріністерін; іскерлік салада тұлғааралық қатынастарды құра білуді, іскерлік іс-шараларды ұйымдастыруды, қақтығыстардың алдын алу, іскерлік әңгімелер, келіссөздер жүргізу дағдыларын қалыптастырады, психологиялық мәдени-еттің жоғары деңгейі және басқарушылық шешімдер қабылдауды оқытады. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: этика ғылым ретінде қалыптасуының тарихи-философиялық және әлеуметтік-мәдени дәстүрлері; қазіргі кәсіби этиканың құрылымы мен негізгі функциялары; моральдың мәні және оны әртүрлі этикалық теорияларда түсіндіру; кәсіби қызметте, отбасы мен тұрмыста адамгершілік құндылықтардың көріну ерекшелігі; кәсіби қызметте іскерлік этикетті жүзеге асырудың формалары мен нормалары. Меңгеру керек: кәсіби этиканың принциптері мен әдістерін қолдана отырып іскерлік іс-шараларды ұйымдастыру, әртүрлі әлеуметтік және кәсіби құбылыстар мен процестерді бағалау; кәсіби этика мәселелері бойынша өз көзқарастары мен пайымдау-ларын дәлелді түрде баяндау; кәсіби қызметте іскерлік этикеттің нормалары мен ережелерін қолдану. Дағдылар: кәсіби қызметтегі мінез-құлық нормаларын меңгеру; кәсіби этикадағы адамгершілік құндылықтардың мазмұны бойынша қарама-қайшылық, диалог және пікірталас жүргізу; іскер серіктес тұлғасының адамгершілік сипаттамасын жасау арқылы қарым-қатынас жасау. Құзыреттілік: арнайы.

12	Іскерлік қарым-қатынас этикасы	5	Ақша, несие, банкрот, Корпоративтік қаржы	Қаржы-лық мониторинг/ Қаржы-лық жоспарлау өндірістік тәжірибе III	Мазмұны: пән қазіргі сөйлеу этикетін, әдеби тілдің нормаларын, мәтіндерді модельдеу тәсілдерін, сөйлеудің негізгі композициялық бөліктерін құруға қойылатын талаптарды, сөйлеуді логикалық ұйымдастыруды зерттейді; пәнді оқу нәтижелері бойынша білім алушы сындарлы диалог жүргізе алады, көпшілік алдында сөйлей алады, қарым-қатынас жағдайына сәйкес өз сөзін құра алады, әртүрлі қарым-қатынас жағдайларында риторикалық әдістерді қолдана алады, аудиторияның назарын аудару тәсілдерін қолдана алады. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: коммуникативті мінез-құлық пен іскерлік қарым-қатынас этикасының ерекшеліктері; команданы тиімді қалыптастыру принциптері; ұйымда-стырушылық мәдениетті қалыптастырудың жалпы тәсілдері және мәтіндерді модельдеу тәсілдері Меңгеру керек: сындарлы диалог жүргізу, көпшілік алдында сөйлеу, ұйымдастырушылық мінез-құлықты кәсіби міндеттерді шешуге бағыттау Дағдылар: қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында риторикалық әдістерді қолдану, кәсіби қызметтегі мінез-құлық нормаларын меңгеру, кәсіби топтағы қатынастарды талдау арқылы аудиторияның назарын аудару тәсілдері; тұлғааралық қатынастарды құру. Құзыреттілік: арнайы.
Модуль 17 Кәсіпорындарды басқарудың негіздері модулі					
13	Банкроттық және кәсіпорынды қайта ұйымдастыру	5	Корпоративтік қаржы, менеджмент және маркетинг негіздері/ нарықтық инфрақұрылым	Қаржы-лық мониторинг/ Қаржы-лық жоспарлау	Мазмұны: пән банкроттықтың негізгі рәсімдерін, дәрменсіздік туралы істерді қарауды реттейтін нормативтік құқықтық актілер жүйесін; кәсіпорынның дағдарысқа қарсы жағдайын бағалай білуді, дәрменсіздік туралы істерді қарау мен шешуді қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды саралауды, кәсіпорынның банкроттығы туралы істерді қарау тәртібін реттейтін заңнаманы бағдарлауды, кәсіпорынның жұмыс істеуінің әртүрлі салаларында дұрыс қаржылық шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастырады. Күтілетін нәтижелер: Білу керек: нарықтық экономика жағдайындағы корпорацияның банкроттық рәсімдерінің теориясы, меншіктің және шаруашылықтың әртүрлі нысандарындағы корпорацияларды қайта құру ерекшеліктері; бірігу және бірігу жөніндегі мәмілелерді іске асыру себептері мен тетіктері; Меңгеру керек: корпорацияның дағдарысқа қарсы жағдайын бағалау; корпоративтік бақылауды беру бойынша мәмілелердің тиімділігін бағалау; M&A стратегиясына әсер ететін компанияның операциялық және қаржылық қызметінің әртүрлі факторлары мен көрсеткіштерін талдау; Дағдылар: корпорацияның жұмыс істеуінің әртүрлі салаларындағы тұрақсыз экономика жағдайында дұрыс қаржылық шешімдер қабылдау, нақты m&A мәміле жасасудың орындылығын анықтау үшін компанияның құнын бағалау; бірігу және қосып алу жөніндегі мәмілелердің заңдық, салықтық және бухгалтерлік аспектілерінің негіздерін пайдалану; басқарушылық шешімдерді қолдану, олардың ықтимал салдарларын бағалау және олар үшін жауапкершілік; Құзыреттілік: арнайы.
13		5			Мазмұны: бұл пән кәсіпорындарды

